«ҚазТрансОйл» АҚ
Басқармасының шешімімен
(2018 жылғы «___» шілдедегі
№ 18 отырыс хаттамасы)
бекітілді

**«ҚазТрансОйл» АҚ акциялар шығару проспектісіне**
**№44 өзгерістер**

1. 1-бөлімде:

1.1. 1-тармақта ««Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы»» деген сөздер ««Табиғи монополиялар туралы»» деген сөздерге ауыстырылсын;

1.2. 8-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«8. Халықаралық рейтингтік агенттіктер және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктері акционерлік қоғамға немесе ол шығарған бағалы қағаздарға берген рейтингілер туралы мәліметтер.

Қоғамға үш халықаралық рейтингтік агенттіктің рейтингісі берілген:

| Рейтингтік агенттік | Рейтинг түрі | Рейтинг берілген күн | Рейтинг | Рейтинг болжамы |
|---|---|---|---|---|
| Standard&Poor's | ұзақ мерзімді кредиттік рейтинг | 27.11.2017 ж. | BB- | Тұрақты |
| Fitch Ratings | эмитент дефолтының шетел валютасындағы ұзақ мерзімді рейтингісі | 05.05.2016 ж. | BBB- | Тұрақты |
| Moody's | эмитенттің шетел валютасындағы ұзақ мерзімді рейтингісі | 01.08.2017 ж. | Baa3 | Тұрақты |

»;

1.3. 9-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«9. Қоғам филиалдары мен өкілдіктерінің атауы, тіркелген күндері, орналасқан жерлері және пошталық мекенжайлары.

1) «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының «Ғылыми-Техникалық Орталық» филиалы:

тіркелген күні: 2000 жылғы 3 қыркүйек;

орналасқан жері және пошталық мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Жібек жолы көшесі, 154-үй.

2) «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Самара қаласындағы өкілдігі:

тіркелген күні: 2004 жылғы 11 маусым;

орналасқан жері: Ресей Федерациясы, 443099, Самара облысы, Самара қаласы, Молодогвардейская көшесі, 33-үй, литер Е, 37-офис;

пошталық мекенжайы: Ресей Федерациясы, 446200, Самара облысы, Новокуйбышевск қаласы, Кутузов көшесі, 20/24-үй, 77-офис.

3) «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Омбы қаласындағы өкілдігі:

тіркелген күні: 2007 жылғы 22 қаңтар;

орналасқан жері және пошталық мекенжайы: Ресей Федерациясы, 644103, Омбы қаласы, Транссибирская көшесі, 6/1-үй, офис 17П.».

2. 2-бөлімде:

2.1. 12-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«12. Қоғамда алқалы атқарушы орган – Басқарма.

1) Қоғам Басқармасының әрбір мүшесінің, оның ішінде Басқарма төрағасының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);

2) Қоғам Басқармасы мүшелерінің (өкілеттіктері мен қызметтеріне кірісу күні көрсетілген) хронологиялық тәртіппен соңғы 3 (үш) жылда және қазіргі уақытта атқаратын лауазымдары, оның ішінде осы тұлғалар қоса атқаратын лауазымдар.

(Осы тармақтың 1) және 2) тармақшалары бойынша мәліметтер төменде келтірілген кестеде көрсетілген):

| Т.А.Ә. | Қоғам Басқармасы мүшелерінің (өкілеттіктері мен қызметтеріне кірісу күні көрсетілген) хронологиялық тәртіппен соңғы 3 (үш) жылда және қазіргі уақытта атқаратын лауазымдары, оның ішінде осы тұлғалар қоса атқаратын лауазымдар |
|---|---|
| Басқарма төрағасы | |
| Досанов Димаш Ғабитұлы | 03.12.2014 ж. - 14.01.2016 ж. – «Қазақстан – Қытай Құбыры» ЖШС бас директоры, Басқарма Төрағасы;<br>15.01.2016 ж. - 16.02.2016 ж. – Қоғам бас директорының өндіріс жөніндегі бірінші орынбасары;<br>15.01.2016 ж. бастап – қазіргі уақытқа дейін – Қоғам Басқармасының мүшесі;<br>17.02.2016 ж. - 05.08.2016 ж. - Қоғам бас директорының бірінші орынбасары;<br>28.04.2016 ж. – 23.12.2016 ж. – «МұнайТас» СБҚК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;<br>10.08.2016 ж. – 25.09.2017 ж. – «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ Байқаушы кеңесінің |

| | |
|---|---|
| | Төрағасы;<br>06.08.2016 ж. бастап – қазіргі уақытқа дейін* - Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы);<br>*Қоғам Басқармасының өкілеттік мерзімінің 22.05.2018ж. аяқталуына байланысты Қоғамның Директорлар кеңесінің 09.04.2018ж. шешімімен 23.05.2018ж. бастап 3 (үш) жыл өкілеттік мерзіммен бас директор (Басқарма төрағасы) болып сайланды.<br>20.10.2016 ж. бастап – қазіргі уақытқа дейін – Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі.<br>Өкілеттігі:<br>Қоғамды жалпы басқару;<br>Қоғамның стратегиялық даму мәселелері;<br>Қоғамда корпоративтік басқару мәселелері;<br>халықаралық ынтымақтастық және инвестициялар тарту мәселелері;<br>Қоғамда еңбек сапасы, қауіпсіздігі және оны қорғау, экология, энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы жұмысты жалпы басқару;<br>азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу, жұмылдыру дайындығы және мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы жұмысты жалпы басқару;<br>кадр мәселелері;<br>әлеуметтік саясат;<br>Қоғамдағы ішкі бақылау жүйесін және тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру мәселелері;<br>Қоғамның корпоративтік меншікті және ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай саясатын жүргізу мәселелері;<br>Қоғамның еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдарының қызметін жалпы бақылау;<br>Қоғам филиалдарының, өкілдіктерінің және өзге жекеленген құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіру;<br>үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан өкілдік ету;<br>Қоғам бас директоры орынбасарларының, басқарушы директорларының, бас директоры (Басқарма төрағасы) хатшылығының, орталық аппарат құрылымдық бөлімшелерінің қызметін Қоғамның бекітілген құрылымына сәйкес тікелей бақылау және үйлестіру; |

| | |
|---|---|
| | Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен, Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерімен, сондай-ақ Қоғамның тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу тәртібін айқындайтын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының құжаттарымен белгіленген өзге мәселелер. |
| Басқарма мүшелері | |
| Арынов Сәбит Әбілдаұлы | 14.12.2009 ж. - 22.06.2017 ж. – Қоғамның пайдалану департаментінің директоры;<br>23.06.2017 ж. - 29.12.2017 ж. – Қоғамның Батыс филиалы директоры;<br>13.12.2017 ж. бастап – қазіргі уақытқа дейін – «Магистральдық Суағызғы» ЖШС Байқаушы кеңесінің төрағасы;<br>03.01.2018ж. бастап қазіргі уақытқа дейін * – бас директордың орынбасары (пайдалану), Қоғам Басқармасының мүшесі;<br>*Қоғам Басқармасының өкілеттік мерзімінің 22.05.2018ж. аяқталуына байланысты Қоғамның Директорлар кеңесінің 09.04.2018ж. шешімімен 23.05.2018ж. бастап 3 (үш) жыл өкілеттік мерзіммен Басқарма мүшесі болып сайланды.<br>Өкілеттігі:<br>Қоғам өндірісінің үздіксіздігін және өндірістік объектілерінің техникалық сенімділігін қамтамасыз ету;<br>Қоғамның магистральдық мұнай құбырларын пайдалану мәселелері;<br>жетекшілік ететін қызмет бағыттары шегінде Қоғамның қауіпті өндірістік объектілеріндегі өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету;<br>Қоғамның өндірістік бағдарламасын әзірлеуді ұйымдастыру және орындау;<br>Қоғамның Техникалық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру;<br>мұнайды тасымалдау және су беру технологиялық процестерін оңтайландыру бойынша ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу мәселелері;<br>Қоғамның инновациялық-технологиялық саясатын әзірлеу және іске асыру мәселелері;<br>Қоғам жұмыскерлерінің өнертапқыш және |

| | |
|---|---|
| | ұтымды қызметтерін дамыту мәселелері;<br>Қоғамның нормативтік базасын және магистральдық мұнай құбыры саласындағы нормативтік - техникалық құжаттарды дамыту және жетілдіру мәселелері;<br>күрделі құрылыс және күрделі жөндеу мәселелері;<br>Қоғамның магистральдық мұнай құбыры жүйелерін басқару мәселелері;<br>Қоғамның магистральдық мұнай құбыры жүйелеріне техникалық аудит жүргізу мәселелері;<br>Қоғамның магистральдық мұнай құбыры объектілерін диагностикалау мәселелері,<br>техникалық қадағалау және технологиялық мониторинг мәселелері;<br>энергетикалық аудит жүргізу және Қоғамдағы энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша іс-шараларды жоспарлауды ұйымдастыру;<br>Қоғамның энергия менеджмент жүйесінің тиімді қызметін және оны үздіксіз жақсарту бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;<br>жоғарыда көрсетілген мәселелер (өкілеттік салалары) бойынша Қоғам филиалдарының, өкілдіктерінің және өзге де жекеленген құрылымдық бөлімшелерінің, сондай-ақ Қоғамның еншілес әрі бірлескен-бақылаудағы ұйымдарының қызметін үйлестіру;<br>Қоғам бас директорының (Басқарма төрағасының) өкімдік құжаттарында және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарында айқындалған өзге де мәселелер. |
| Отаров Болат Исатайұлы | 20.09.2012 ж. – 02.01.2018 ж. – Қоғам бас директорының тасымалдау жөніндегі орынбасары;<br>03.01.2018 ж. бастап - қазіргі уақытқа дейін бас директордың орынбасары (тасымалдау);<br>23.05.2012 ж. бастап – қазіргі уақытқа дейін * -Қоғам Басқармасының мүшесі;<br>*Қоғам Басқармасының өкілеттік мерзімінің 22.05.2018ж. аяқталуына байланысты Қоғамның Директорлар кеңесінің 09.04.2018ж. шешімімен 23.05.2018ж. бастап 3 (үш) жыл өкілеттік мерзіммен Басқарма мүшесі болып сайланды.<br>Өкілеттігі:<br>мұнай тасымалдау және су беру мәселесі бойынша Қоғамның мемлекеттік органдармен, |

| | |
|---|---|
| | басқа ұйымдармен өзара әрекеті бойынша мәселелер;<br>Қоғамның, ТМД және Балтық елдері-қатысушыларының магистральдық мұнай құбырлары жүйесі бойынша мұнайды тасымалдау, сонымен қатар Қоғамның сутартқыш жүйелерінен су беру мәселелері;<br>«Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ арқылы мұнайды және мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу мәселелері;<br>көлік операцияларын (мұнай және су көлік ағынын) басқару мәселелері;<br>мұнай сапасын басқару мәселесі;<br>диспетчерлік басқару мәселелері (мұнай айдау және су беру көлемдерін, мұнай және су ағындары балансын шұғыл басқару)<br>Қоғам өкілдіктерінің қызметін үйлестіру;<br>жоғарыда көрсетілген мәселелер (өкілеттік салалары) бойынша Қоғам филиалдарының, өкілдіктерінің және өзге де жекеленген құрылымдық бөлімшелерінің, сондай-ақ Қоғамның еншілес әрі бірлескен-бақылаудағы ұйымдарының қызметін үйлестіру;<br>Қоғам бас директорының (Басқарма төрағасының) өкімдік құжаттарында және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарында айқындалған өзге де мәселелер. |
| Пирогов Алексей Георгиевич | 05.2014 ж. - 07.2016 ж. – бас директордың «Самұрық-Қазына» ҰК АҚ активтерін басқару жөніндегі орынбасары;<br>03.2012 ж. – 07.2016 ж. – «Бірлескен химия компаниясы» ЖШС-ның Байқаушы кеңесінің мүшесі;<br>08.08.2016 ж. – 02.01.2018 ж. – бас директордың бірінші орынбасары, Қоғам Басқармасының мүшесі;<br>03.01.2018 ж. бастап – қазіргі уақытқа дейін* бас директордың орынбасары (операторлық қызметтер және сервис), Қоғам Басқармасының мүшесі;<br>* Қоғам Басқармасының өкілеттік мерзімінің 22.05.2018ж. аяқталуына байланысты Қоғамның Директорлар кеңесінің 09.04.2018ж. шешімімен 23.05.2018ж. бастап 3 (үш) жыл өкілеттік мерзіммен Басқарма мүшесі болып сайланды. |

| | |
|---|---|
| | 13.04.2018 ж. бастап – қазіргі уақытқа дейін - «Қазақстан Қытай Құбыры» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі;<br>Өкілеттігі:<br>сырт ұйымдарға тиесілі магистральдық мұнай құбырларын пайдалану бойынша қызметті үйлестіру;<br>Қоғамның бизнес-процестерін оңтайландыру және тиімділігін арттыру бойынша мәселелер;<br>жоғарыда көрсетілген мәселелер (өкілеттік салалары) бойынша Қоғам филиалдарының, өкілдіктерінің және өзге де жекеленген құрылымдық бөлімшелерінің, сондай-ақ Қоғамның еншілес әрі бірлескен-бақылаудағы ұйымдарының қызметін үйлестіру;<br>«Қазақстан Қытай Құбыры» ЖШС қызметін үйлестіру;<br>Қоғам бас директорының (Басқарма төрағасының) өкімдік құжаттарында және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарында айқындалған өзге де мәселелер. |
| Махин Жайық Түгелұлы | 03.2013 ж.- 10.2015 ж. - «Қазгермұнай» БК ЖШС бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;<br>10.2015 ж.- 11.2015 ж. – «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ бас директорының кеңесшісі;<br>07.2016 ж.- 09.2016 ж. - «АЛМЭКС ПЛЮС» Фирмасы» ЖШС экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры;<br>21.09.2016 ж. – 15.12.2017 ж. - «Қазақстан Қытай Құбыры» ЖШС бас директорының экономика жөніндегі орынбасары;<br>20.12.2017 ж. - 02.01.2018 ж. – Қоғам бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, Қоғам Басқармасының мүшесі;<br>13.12.2017 ж. бастап –қазіргі уақытқа дейін – «Магистральдық Суағызғы» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі;<br>03.01.2018 ж. Бастап - қазіргі уақытқа дейін* – бас директордың орынбасары (экономика және қаржы), Қоғам Басқармасының мүшесі;<br>* Қоғам Басқармасының өкілеттік мерзімінің 22.05.2018ж. аяқталуына байланысты Қоғамның Директорлар кеңесінің 09.04.2018ж. шешімімен 23.05.2018ж. бастап 3 (үш) жыл |

| | |
|---|---|
| | өкілеттік мерзіммен Басқарма мүшесі болып сайланды.<br>19.03.2018 ж. бастап – қазіргі уақытқа дейін - «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ Байқаушы кеңесінің төрағасы.<br>Өкілеттігі:<br>бизнес жоспарлаудың тиімді процесін, Қоғамның, Қоғамның еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдарының бюджетін және бизнес-жоспарын орындауды және талдауды қамтамасыз ету;<br>Қоғамның экономикалық және қаржы талаптарына жауап беретін тиімді тарифтік саясатты құру және іске асыру;<br>Қоғамның ақша құралдарын тиімді басқаруды және тиісті қаржылық бақылауды қамтамасыз ету;<br>салық міндеттемелерін, сондай-ақ әлеуметтік төлемдерді есептеу, санау және төлеу бойынша міндеттемелерді толық және уақтылы орындауды бақылау;<br>Қоғамның статистикалық есептілігінің уақтылы дайындалуына бақылау жүргізу;<br>қарыздық қаржыны тарту және басқару бойынша жұмыстарды жүзеге асыру;<br>рейтингтік агенттіктермен жұмыс жасау;<br>бухгалтерлік есепті жүргізуге және Қоғамның, оның еншілес әрі бірлескен-бақылаудағы ұйымдарының қаржы есептілігін, сондай-ақ Қоғамның шоғырландырылған қаржы есептілігін ҚЕХС-тің және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ есеп саясатының талаптарына сәйкес уақтылы дайындауға бақылау жүргізу;<br>Қоғамның есеп саясатын қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізу;<br>осы бөлімде көрсетілген мәселелер (өкілеттік салалары) бойынша Қоғам филиалдарының, өкілдіктерінің және өзге де жекеленген құрылымдық бөлімшелерінің, сондай-ақ Қоғамның еншілес әрі бірлескен-бақылаудағы ұйымдарының қызметін үйлестіру;<br>Қоғам бас директорының (Басқарма төрағасының) өкімдік құжаттарымен және Қоғамның басқа ішкі құжаттарымен белгіленген өзге де мәселелер. |

| | |
|---|---|
| Сейсекенов Шыңғыс Маратұлы | 10.2014 ж. - 09.2015 ж. - «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС келісімшарттар департаментінің директоры;<br>09.2015 ж. - 02.2016 ж. - «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС бас директорының коммерция жөніндегі орынбасары;<br>08.02.2016 ж. - 16.02.2016 ж. – Қоғамның келісімшарттар және жергілікті қамтымды дамыту департаментінің менеджері;<br>17.02.2016 ж. - 23.10.2016 ж. – Қоғамның бизнесті қолдау жөніндегі басқарушы директоры;<br>24.10.2016 ж. – 02.01.2018 ж. – Қоғам бас директорының бизнесті қолдау жөніндегі орынбасары, Қоғам Басқармасының мүшесі;<br>03.01.2018 ж. – қазіргі уақытқа дейін* - Қоғам бас директорының орынбасары (сатып алу және материалдық-техникалық жабдықтау), Қоғам Басқармасының мүшесі;<br>*Қоғам Басқармасының өкілеттік мерзімінің 22.05.2018 ж. аяқталуына байланысты Қоғам Директорлар кеңесінің 09.04.2018 ж. шешімімен 23.05.2018 ж. бастап 3 (үш) жыл өкілеттік мерзіммен Қоғам Басқармасының мүшесі болып сайланды.<br>10.08.2016 ж. бастап - қазіргі уақытқа дейін - «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ Байқаушы кеңесінің мүшесі;<br>13.12.2017 ж. бастап - қазіргі уақытқа дейін – «Магистральдық Суағызғы» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі.<br>Өкілеттігі:<br>Қоғам мұқтаждығын кешенді және уақтылы қамтамасыз ету процесіне басшылық жасау (қорлардың шығындар нормативтері, қорларға мұқтаждық, қорларға өтінім, қорларды жеткізу);<br>Қоғам қажеттілігі үшін тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу жұмыстарын ұйымдастыру:<br>Қоғам сатып алатын тауарлардағы, жұмыстардағы және қызметтердегі жергілікті қамтымға мониторинг жүргізу;<br>Қоғамның маркетинг қызметінің мәселелері;<br>жоғарыда көрсетілген мәселелер (өкілеттік салалары) бойынша Қоғам филиалдарының, өкілдіктерінің және өзге де жекеленген құрылымдық бөлімшелерінің, сондай-ақ Қоғамның |

| | |
|---|---|
| | еншілес әрі бірлескен-бақылаудағы ұйымдарының қызметін үйлестіру;<br>Қоғам бас директорының (Басқарма төрағасының) өкімдік құжаттарымен және Қоғамның басқа ішкі құжаттарымен белгіленген өзге де мәселелер. |
| Таңатарова Шара Бақытжанқызы | 12.2013 ж. – 10.2016 ж. - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ активтерді басқару департаментінің директоры;<br>02.2015 ж. – 01.2017 ж. - «КМГ Глобал Солюшнс Б.В.» жауапкершілігі шектеулі компанияның Қазақстан Республикасындағы филиал бас директорының бизнесті қолдау және қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары (қоса атқарады);<br>09.2013 ж. – 10.2016 ж. - «ҚазТеңізТрансФлот» ҰТККҚ» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі;<br>11.2013 ж. – 12.2016 ж. - «ҚазМұнайГаз - Сервис» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі;<br>08.2014 ж.- 10.2016 ж. - «ҚазМұнайГаз – қайта өңдеу және маркетинг» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;<br>11.2013 ж. – 10.2015 ж. «Қазақ мұнай және газ институты» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;<br>09.2014 ж. – 12.2016 ж. - «Baiterek Venture Fund» АҚ тәуелсіз директоры;<br>08.2012 ж. – 02.2016 ж. - KazMunaiGaz Finance Sub B.V. басқарушы директоры;<br>02.2016 ж. – 11.2016 ж. - KazMunaiGaz Finance Sub B.V. Байқаушы кеңесінің мүшесі;<br>02.2016 ж. – 11.2016 ж. - КОО KMG Global Solutions B.V. Байқаушы кеңесінің мүшесі;<br>17.10.2016 ж. – 23.10.2016 ж. – Қоғамның активтер жөніндегі басқарушы директоры;<br>24.10.2016 ж. – 02.01.2018 ж. – Қоғам бас директорының корпоративтік даму және активтер жөніндегі орынбасары, Қоғам Басқармасының мүшесі;<br>03.01.2018 ж. бастап – қазіргі уақытқа дейін* – бас директордың орынбасары (корпоративтік даму және активтер), Қоғам Басқармасының мүшесі;<br>*Қоғам Басқармасының өкілеттік мерзімінің 22.05.2018 ж. аяқталуына байланысты Қоғам Директорлар кеңесінің |

| | |
|---|---|
| | 09.04.2018 ж. шешімімен 23.05.2018 ж. бастап 3 (үш) жыл өкілеттік мерзіммен Қоғам Басқармасының мүшесі болып сайланды.<br>16.11.2016 ж. бастап - қазіргі уақытқа дейін - «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ Байқаушы кеңесінің мүшесі;<br>23.12.2016 ж. бастап - қазіргі уақытқа дейін - «МұнайТас» СБҚК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.<br>Өкілеттігі:<br>стратегиялық жоспарлау мәселелері;<br>корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруді қамтамасыз ету;<br>Қоғам жұмыскерлерінің тиімді қызметін бағалау жүйесін жетілдіруді, олардың қызметтерінің уәждемелік негізгі көрсеткіштерін бекітуді қамтамасыз ету;<br>Қоғамның жылдық есебін әзірлеуді және бекітуді қамтамасыз ету;<br>Қоғамның, Қоғамның еншілес және бірлескен - бақылаудағы ұйымдарының инвестициялық жобаларының тиімділігіне қаржылық-экономикалық талдау жүргізу және активтерді басқару мәселелері;<br>бар және әлеуетті инвесторлармен өзара әрекеттесу мәселелері;<br>Қоғам акцияларының бағалы қағаздар нарығындағы айналысын қолдау мәселелері;<br>Қоғамның еншілес және бірлескен - бақылаудағы ұйымдарының («Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС-ны қоспай), «Батуми теңіз порты» ЖШҚ-ны қоса, қызметін үйлестіру;<br>жоғарыда көрсетілген мәселелер (өкілеттік салалары) бойынша Қоғам филиалдарының, өкілдіктерінің және өзге де жекеленген құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіру;<br>Қоғам бас директорының (Басқарма төрағасының) өкімдік құжаттарымен және Қоғамның басқа ішкі құжаттарымен белгіленген өзге де мәселелер. |
| Идырысов Орал Армияұлы | 20.10.2014 ж. - 10.05.2016 ж. - «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС-ның кадр саясаты департаментінің директоры;<br>11.05.2016 ж. - 31.05.2017 ж. Қоғамның адам |

| | |
|---|---|
| | ресурстарын басқару және еңбекақы төлеу департаментінің директоры;<br>01.06.2017 ж. – 02.01.2018 ж. Қоғам бас директорының трансформация жөніндегі орынбасары, Басқарма мүшесі;<br>03.01.2018 ж. бастап – қазіргі уақытқа дейін* бас директордың орынбасары (персоналды басқару және әкімшілік қолдау), Қоғам Басқармасының мүшесі;<br>* Қоғам Басқармасының өкілеттік мерзімінің 22.05.2018 ж. аяқталуына байланысты Қоғамның Директорлар кеңесінің 09.04.2018 ж. шешімімен 23.05.2018 ж. бастап 3 (үш) жыл өкілеттік мерзіммен Басқарма мүшесі болып сайланды.<br>19.03.2018 ж. бастап – қазіргі уақытқа дейін - «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ Байқаушы кеңесінің мүшесі.<br>Өкілеттігі:<br>Қоғамның бірыңғай кадрлық және әлеуметтік саясатын іске асыру;<br>еңбек ұйымдастыру және еңбекақы төлеу мәселелері;<br>Қоғам кадрларын кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру мәселелері;<br>Қоғамның ақпараттық саясат мәселелері;<br>Қоғамның имиджді жұмысы және Қоғамның PR – стратегиясының жалпы корпоративтік нормаларын сақтауды қамтамасыз ету мәселелері;<br>Қоғамдағы іс-жүргізу және құжат айналымы мәселелері;<br>Қоғамның орталық аппаратының және жекеленген құрылымдық бөлімшелердің жұмысын материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелері;<br>кәсіподақ және басқа да қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылдар мәселелері;<br>өндірістік персоналға әлеуметтік-тұрмыстық жағдай жасау, тамақтандыруды, жұмыс орнына жеткізуді ұйымдастыру мәселелері;<br>Қоғам филиалдарының, өкілдіктерінің және өзге де жекеленген құрылымдық бөлімшелерінің, сондай-ақ Қоғамның еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдарының жоғарыда аталған мәселелері (өкілеттіктер салалары) бойынша қызметін үйлестіру; |

| | |
|---|---|
| | Қоғам бас директорының (Басқарма төрағасының) өкімдік құжаттарында және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарында айқындалған өзге де мәселелер. |
| Исақов Жайдарман Әзімханұлы | 04.05.2014 ж. – 02.01.2018 ж. – Қоғамның құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директоры;<br>12.05.2003 ж. бастап – қазіргі уақытқа дейін* Қоғам Басқармасының мүшесі;<br>* Қоғам Басқармасының өкілеттік мерзімінің 22.05.2018 ж. аяқталуына байланысты Қоғамның Директорлар кеңесінің 09.04.2018 ж. шешімімен 23.05.2018 ж. бастап 3 (үш) жыл өкілеттік мерзіммен Басқарма мүшесі болып сайланды.<br>03.01.2018 ж. – қазіргі уақытқа дейін басқарушы директор;<br>10.08.2016 ж. бастап – қазіргі уақытқа дейін - «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ Байқаушы кеңесінің мүшесі.<br>Өкілеттігі:<br>Қоғам қызметінде Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету;<br>үшінші тұлғалардың тарапынан Қоғамға шағым (талап арыз) берудің алдын алу, орын алған келіспеушіліктерді (шағымдарды) сотқа дейінгі реттеу бойынша құқықтық шараларды қабылдау;<br>Қоғам қызметінің құқықтық мәселелерін қараған кезде сотта, сондай-ақ басқа да ұйымдарда Қоғам мүддесін қорғауды қамтамасыз ету;<br>Қоғам филиалдарының және басқа да жекеленген құрылымдық бөлімшелерінің заң қызметтерінің жұмысын үйлестіру;<br>Қоғамның еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдарына құқықтық көмек көрсету;<br>Акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының қарауына енгізілетін мәселелер мен құжаттарды құқықтық қолдау;<br>Қоғам филиалдарының, өкілдіктерінің және өзге де жекеленген құрылымдық бөлімшелерінің, сондай-ақ Қоғамның еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдарының жоғарыда аталған мәселелері (өкілеттіктер салалары) бойынша қызметін үйлестіру;<br>Қоғам бас директорының (Басқарма |

| | |
|---|---|
| | төрағасының) өкімдік құжаттарында және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарында айқындалған өзге де мәселелер. |

3) Қоғам Басқармасының мүшелеріне тиесілі дауыс беретін акциялардың Қоғамның жалпы дауыс беретін акцияларының санына проценттік арақатынасы:

Басқарма мүшелері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының 0,00003%-іне иелік етеді.»;

2.2. 13-тармақ алып тасталсын.

3. 3-бөлімінің 22-тармағындағы «Қоғам тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнының 5 (бес) және одан астам процентін құрайтын көлемде Қоғамға тауарлар (жұмыстар, қызметтер) жеткізушілер туралы мәліметтер» кестесі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қоғам тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнының 5 (бес) және одан астам процентін құрайтын көлемде Қоғамға тауарлар (жұмыстар, қызметтер) жеткізушілер туралы мәліметтер»:

| **№** | **Жеткізушілердің атауы** | **Орналасқан жері** | **Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) атауы** | **Қызметтердің жалпы көлеміндегі үлесі, %** |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Petrotrans Limited» компаниясы атынан компанияның Астана қаласындағы филиалы | Астана қ., Қабанбай батыр д., 19-үй, 1-қабат, «С» блогы | тауар жеткізу | 10,26% |
| 2 | «АтырауЭнергосату» ЖШС | Атырау қ., Махамбет к-сі, 110-үй | Электрмен жабдықтау қызметтері | 16,3% |
| 3 | «Транстелеком» акционерлік қоғамы | Астана қ., Д. Қонаев к-сі, 10-үй | құбыр ауыстыру жұмыстары | 30,74% |
| 4 | «АВЕ-СНГ» ЖШС | Алматы қ., Радостовец к-сі, 152/6-үй | диагностика/сараптама/ талдау/ сынау/ тестілеу қызметтері (магистральдық мұнай құбырларын құбыр ішілік диагностикалау) | 15,68% |

».

4. 4-бөлімінің 25-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«25-1. Қоғам активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан көп процентін құрайтын Қоғам активтері, әрбір активтің тиісті баланстық құнын көрсетумен.

| № | Мүліктің сипаттамасы | Баланстық құны, мың теңге | активтер құнына %-да |
|---|---|---|---|
| 1 | Құбыр жүйелері | 207 302 889,00 | 30% |
| 2 | Технологиялық мұнай | 102 839 808,00 | 15% |
| 3 | Машиналар мен жабдықтар, ауыстыру қондырғылары | 117 132 201,00 | 17% |
| 4 | Ғимараттар мен құрылыстар | 78 893 723,00 | 11% |

Қоғамда Қоғам міндеттемелерін қамтамасыз ететін, Қоғам активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан астам процентін құрайтын активтер жоқ.

Қоғамда сенімгерлік басқаруға берілген, Қоғам активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан астам процентін құрайтын активтер жоқ.».

**Бас директор**
**(Басқарма төрағасы)** **Д. Досанов**

**Утверждены**
**решением Правления**
**АО «КазТрансОйл»**
**(протокол заседания**
**от «3» июля 2018 года № 18)**

**Изменения №44**
**в проспект выпуска акций АО «КазТрансОйл»**

1. В разделе 1:

1.1. в пункте 1 слова «««О естественных монополиях и регулируемых рынках»» заменить словами «««О естественных монополиях»»»;

1.2. пункт 8 изложить в следующей редакции:

«8. Сведения о наличии рейтингов, присвоенных акционерному обществу или выпущенным им ценным бумагам международными рейтинговыми агентствами и (или) рейтинговыми агентствами Республики Казахстан.

Обществу присвоены рейтинги трех международных рейтинговых агентств:

| Рейтинговое агентство | Вид рейтинга | Дата присвоения рейтинга | Рейтинг | Прогноз рейтинга |
|---|---|---|---|---|
| Standard&Poor's | долгосрочный кредитный рейтинг | 27.11.2017 г. | BB- | Стабильный |
| Fitch Ratings | долгосрочный рейтинг дефолта эмитента в иностранной валюте | 05.05.2016 г. | BBB- | Стабильный |
| Moody's | долгосрочный рейтинг эмитента в иностранной валюте | 01.08.2017 г. | Baa3 | Стабильный |

»;

1.3. пункт 9 изложить в следующей редакции:

«9. Наименования, даты регистрации, места нахождения и почтовые адреса всех филиалов и представительств Общества.

1) Филиал «Научно-Технический Центр акционерного общества «КазТрансОйл»:

дата регистрации: 3 сентября 2000 года;

место нахождения и почтовый адрес: Республика Казахстан, 050000, город Алматы, улица Жибек жолы, дом 154.

2) Представительство акционерного общества «КазТрансОйл» в городе Самаре:

дата регистрации: 11 июня 2004 года;

место нахождения: Российская Федерация, 443099, Самарская область, город Самара, улица Молодогвардейская, дом 33, литер Е, офис 37;

почтовый адрес: Российская Федерация, 446200, Самарская область, город Новокуйбышевск, ул. Кутузова, дом 20/24, офис 77.

3) Представительство акционерного общества «КазТрансОйл» в городе Омске:

дата регистрации: 22 января 2007 года;

место нахождения и почтовый адрес: Российская Федерация, 644103, город Омск, ул. Транссибирская, дом 6/1, офис 17П.».

2. В разделе 2:

2.1. пункт 12 изложить в следующей редакции:

